Қара шірік ауруы. Ауру қоздырушысы *Alternaria radicina* M.D. et E. Конидиялары тізбектелген, көлденең және бойлай перделері бар, 32-35x19-95 мкм. Ауру жемісте қара дақ түрінде түгелдей таралады. Дақтың көлемі майда нүктеден басталып, дөңгелектене жайылып тарала береді (1А-сурет). Ауру егістікте сәбіз жапырақтарында сулы түйін түрінде пайда болады да, жапырақтарын сарғайтып, соңында жапырағы шіріп кетеді. Жапырақтарынзақымдаған *Alternaria radicina* альтернариоз сияқты соншалықты қауіпті емес. Тамыржемісіндегі ауру негізінен сақтау кезінде қоймада таралады.


Alternaria radicina споралары тізбектелген, көлденең перделері бар, 40-60x17-26 мкм. Конидиялары пішіні эллипс тәрізд.



1-сурет – А- *Daucus carota* L. қара шірік ауруы сырт көрінісі; *Alternaria radicina* конидиялары (Б, В); Г – таза дақылы

Қоңыр дақ ауруы. Ауру қоздырушысы *Macrosporium carotae* Ellis and Langlois. Жас өсімдіктер ауруға тез шалдығады. Ал, жетілгендерінде тамыржемісі түзілу барысында зардапталуға ұшырайды. Жапырағы, сабағы, тамыржемістері зақымдалады. Жапырақтарында шенберлі ірі қоңыр дақтар пайда болады. Тамыржемістерінде диаметрі 1,5 см болатын ашық-қоңыр түсті дақтар түзіледі. Ылғалды ауа-райында дақтар қоңыр өңезбен қапталады. Ауру қоздырғыш түрдің оптималды температурасы 20-25°C, салыстырмалы ауа ылғалдылығы 80-85%.

Macrosporium carotae –конидиялары қоңыр түсті, бірнеше клеткаларға бөлінген, бедерлі жасуша қабықшасы болады.Конидиясы 3-4 клеткалылары 20-27,42x12-13,8 мкм, 5-7 клеткалылары 27,4-44x14-15,4-25мкм. Таза дақылы қоңыр қара түсті, үлпілдек жіпшумақтан тұрады (2-сурет).



2-сурет – *Macrosporium carotae* (Ellis&Langl.) J.A.Stev&Wellman конидиялары мен таза екпесі

Құрғақ шірік. Ауру қоздырушысы *Fusarium avenaceum* (Fr.) Sacc. Бұл ауру түрі әдетте жапырақ және тамыржемістерде байқалады.Зақымданған жеміс құрғап, ақшыл қызыл-қоңырқай түсті болады. Шіріктің дамуы зақымданған бөлімін құрғатыптастайды.Ылғалды жағдайда ақшыл қызғылтым түсті жіпшумақ түзіледі. Шірік негізінен тамыржемістің түп жағынан басталады да, содан соң басқа бөліктеріне ауысады. Ауру қоздырушысы негізінен топырақта, өсімдіктің жерасты мүшелерінде кездеседі. Сабанмен жапқанда жапырақтарында сақталған ауру қоздырушы түрдің жіпшумағы, спорасы зақымданған тамыржеміске жұғады. 7-20°C температура аралығында

зақымдану жүреді. 0°C шамасында және құрғақ жағдайда аурудың қауіптілігін азайтады. Сақтауға құрғақ, зақымданбаған түсімді қалдыру қажет.

Fusarium avenaceum (FR.) SACC. Спородохия және пиннотадағы макроконидиялары немесе үлпілдек мицелийі түссіз, бізденген немесе жіп тәрізді, эллипс немесе бүгілмелі, кейде тіп тік, бірнеше клеткаға бөлінген, негізгі массасы қызғылт сары, қызғылтым (3А-сурет), кірпіш-қызыл түсті болып келеді. Үлпілдек жіпшумағында кейде майда эллипсоид, ланцет тәрізді немесе ұршық пішінді 0-3 клеткалы конидиялары түзіледі (3Б,В-сурет).

Макроконидиялары: 3 клеткалылары 30-60x3-4 мкм; 4 клеткалылары 38-75x3-5 мкм; 5 клеткалылары 33-85x3-4 мкм. Стромасы сары, жоса (охряная) тәрізді.



3-сурет – *Fusarium avenaceum*. А-таза екпесі; Б-конидиялары; В-пиннотасы


Жасыл зең ауруы. Ауру қоздырғышы – *Penicillium cyclopium* Westling. Колониясы күңгірт-көкшіл-жасыл, ұнтақты, майда түйірлі (4А-сурет). Конидия сағағы Чапека агарында бұдырлы конидиялары шар тәрізді, диаметрі 3,5-4 мкм, аздаған өсінділері бар, бірақ кейде шарпішінді және эллипсоид тәрізді болады (4, Б,В-сурет).



4-сурет – *Penicillium cyclopium*: А – тамыржемісіндегі сырт көрінісі; Б – таза екпесі; В – конидиялары

Ақ шірік (склеротиниоз). Негізінен ие-өсімдігі сәбіз болып табылады. Ауру қоздырушы саңырауқұлақ – *Sclerotinia sclerotiorum* Lib. Сақтау кезінде қоймада тамыржемісті ақ өңезді жіпшумақ, қара жемістік денелері (склероций) түзіліп жауып кетеді (5А-сурет). Ауру, сонымен қатар, жапырақтардың солуына алып келеді. Ылғалды және салқын ауа-райы кезінде склероций топырақта өседі. Ауру қоздырушы споралары тамыржеміс денесінен жел және жауын арқылы таралуы мүмкін. Жапырақ түбінен басталып барлық жапырақ бойына тез таралады. Зақымданған жапырақ қоңыр-қара түсті болады да ақ мицелий қаптап кетеді, біршама уақыттан соң тыныштық күйіне көшкен саңырауқұлақ орнында қара дақ түзіледі. Бастапқыда егістік жағдайында зақымдану аз байқалады, ал сақтау кезінде зақымдану қарқынды жүреді.


Sclerotinia sclerotiorum склероцийі бұрыс немесе жұмыртқа тәрізді, алғашында ақ түсті кейіннен қарая бастайды, ені – 1-3 см, апотеций түзе алады.



5-сурет – А-склеротиниоз ауру көрінісі; Б-*Sclerotinia sclerotiorum* конидиялары; В-таза екпесі

Ризоктониоз (парша). Ауру қоздырғыш түрі – *Rhizoctonia solani* J.G. Kühn. Егістікте кездесіргенде жапырақтарының ерте солуынан байқауға болады. Сабы мен жапырақ пластинкалары солып, тамыржеміс қара-қошқыл ойыс дақтармен жабылады. *Rhizoctonia solani* – өсімдікте және өсімдік қалдықтарында склероций және жіпшумақ түрінде сақталатын, топырақта кең таралған саңырауқұлақ түрі. Бұл саңырауқұлақтың қатысуы топырақтағы органикалық қосылыстардың құрамына байланысты. Ылғалдылық және жоғары температура (18°C) кезінде инфекция кезкелген уақытта көрінеді. Ауру түрі өсімдіктен өсімдікке оңай таралады. Егер жерасты мүшелерінде ешқандай ауру белгілері байқалмаса, жиын-терім кезінде кезінде немесе сақтау кезінде зардапталу ерекшеліктері анық көрінеді. Ауру түрімен зардапталуы сақтау кезінде жалғасады.

Rhizoctonia solani – бірнеше бөліктерге бөлініп, бүйірінен бұтақтанған гифалардан құралады (6-сурет). Моноклеткалы бұтақтанған гифаларының ұзындығы әртүрлі болып келеді. Гифалары ұзындығы 20-23x28-34; 12x19-23x32 мкм. Таза екпесі ақ түсті үлпілдек жіпшелерден тұрады.



6-сурет – *Rhizoctonia solani* таза екпесі мен гифалары

Саңырауқұлақ түрі қалдық өсімдіктерде қыстап шығуына байланысты оларды жойып отыру қажет.

Көкөністерде микроскоптық саңырауқұлақтардың дамуының нәтижесінде жемісті бүлдіреді, олардың тағамдық құндылығымен қатар биохимиялық құрамын өзгертеді. Сонымен қатар, саңырауқұлақтар улы токсиндер бөліп, сәбіздің тамыржемістерін бүлдіреді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Наумова Н.А. Анализ семян на грибную и бактериальную инфекцию. – М.: Сельхозгиз, 1960. – 139 с.
- [2] Наумова Н.А. Анализ семян на грибную и бактериальную инфекцию. – Л.: Колос, 1970. – 207 с.
- [3] Бартон Л. Хранение семян и их долговечность. – М.: Колос, 1964. – 240 с.
- [4] Mir M. M. Peronospora destructor (Berk.) Casp. A new record from India // Curr. Sci (India), 1977. – Vol. 46, № 8. – P. 206-207.
- [5] Шток Д.А. Грибы на семенах культурных растений Узбекистана. – Ташкент: Фан, 1990. – С. 133-134.

- [6] Bedlan G. Septoria birgitae Bedlan als erreger einer Blattflecken-Krankheit an Kopfsalat // Pflanzenschutz-berichte. 2000. – Vol. 59, № 1. – P. 1-9.
- [7] Горленко М. В. Семена как источник распространения инфекционных болезней растений // Микология и фитопатология, 1970. – Т. 4, вып. 2. – С.134-146.
- [8] Хохряков М. К. и др. Новые грибные болезни культурных растений в СССР // Труды ВНИИ защиты растений. – 1963. – Вып. 17. – С. 216-248.
- [9] Билай В.И. Фузариозы. – Киев: Наукова думка, 1977. – 441 с.
- [10] Билай В.И. и др. Микроорганизмы возбудители болезней растений. Справочник. – Киев: Наукова думка, 1988. – 549 с.
- [11] Казенас Л.Д. Болезни сельскохозяйственных растений Казахстана 270-271; 233-235 с.
- [12] Parker M.L., McDonald, MR (McDonald, Mary Ruth); Boland, G.J. Assessment of spatial distribution of ascospores of *Sclerotinia sclerotiorum* for regional disease forecasting in carrots // Canadian journal of plant pathology. – Oct 2014. – P. 438.
- [13] Ганнибал Ф.Б. Мониторинг альтернариозов сельскохозяйственных культур и идентификация грибов рода *Alternaria* // Методическое пособие. – СПб., 2011. – 42 с.
- [14] Нелен Е.С. Новые болезни овощей на Дальнем Востоке // Защита растений от вредителей и болезней. – 1963. – 12. – С. 33–35.
- [15] Ben-Noon E., Shtienberg D., Shlevin E., Vintal H., Dinooor A. Optimization of chemical suppression of *Alternaria dauci*, the causal agent of *Alternaria* leaf blight in carrots // Plant Dis., 2001. – 85. – P. 1149–1156.
- [16] Pryor B.M., Michailides T.J. Morphological, pathogenic, and molecular characterization of *Alternaria* isolates associated with *Alternaria* late blight of pistachio // Phytopathology. – 2002. – 92, 4. – P. 406–416.
- [17] Наумов Н.А. Методы микологических и фитопатологических исследований. – Л., 1937. – 189 с.
- [18] Литвинов М.А. Определитель микроскопических почвенных грибов // Ботанический институт им. В. А. Комарова. Изд. «Наука» Ленинградское отделение. – Ленинград, 1967. – С. 311.

REFERENCES

- [1] Naumova N.A. Analysis seeds on fungi and bakterial infection. M.: Agricult., 1960. 139 p.
- [2] Naumova N.A. Analysis seeds on fungi and bakterial infection. L.: Kolos, 1970. 207 p.
- [3] Barton J.I. Seed Storage and durability. M.: Kolos, 1964. 240 p.
- [4] Mir M.M. Peronospora destructor (Berk.) Casp. A new record from India. Curr. Sci (India). 1977. Vol. 46, № 8. P. 206-207.
- [5] Shtok D.A. Fungi on the seeds of cultivated plants of Uzbekistan. Tashkent: Fan, 1990. P. 133-134.
- [6] Bedlan G. Septoria birgitae Bedlan als erreger einer Blattflecken-Krankheit an Kopfsalat. Pflanzenschutz-berichte. 2000. Vol. 59, № 1. P. 1-9.
- [7] Gorlenko M.V. Seeds as a source of the spread of infectious diseases of plants. Mycology and Phytopathology. 1970. T. 4, vol. 2. S. 134-146.
- [8] Hohryakov M.K. et al. New fungal diseases of crop plants in the USSR. Proceedings of the Institute of Plant Protection. 1963. Vol. 17. P. 216-248.
- [9] Bilai V.I. Fusari. Naukova Dumka, 1977. 441 p.
- [10] Bilai V.I. et al. Microorganisms pathogens of plants. Directory. Kiev: Naukova Dumka, 1988. 549 p.
- [11] Kazenas L.D. Diseases of agricultural plants Kazakhstan 270-271; P. 233-235.
- [12] Parker M.L., McDonald M.R. (McDonald, Mary Ruth); Boland G.J. Assessment of spatial distribution of ascospores of *Sclerotinia sclerotiorum* for regional disease forecasting in carrots. CANADIAN JOURNAL OF PLANT PATHOLOGY. Oct 2014. P. 438.
- [13] Hannibal F.B. Monitoring *Alternaria* crops and identification fungi of the genus *Alternaria*. Toolkit St. Petersburg, 2011. Russian Academy of Agricultural. P. 42.
- [14] Helen E.S. New diseases of vegetables in the Far East. Protection of plants against pests and diseases. 1963. 12. P. 33-35.
- [15] Ben-Noon E., Shtienberg D., Shlevin E., Vintal H., Dinooor A. Optimization of chemical suppression of *Alternaria dauci*, the causal agent of *Alternaria* leaf blight in carrots. Plant Dis. 2001. 85. P. 1149–1156.
- [16] Pryor B.M., Michailides T.J. Morphological, pathogenic, and molecular characterization of *Alternaria* isolates associated with *Alternaria* late blight of pistachio. Phytopathology. 2002. 92, 4. P. 406–416.
- [17] Naumov N.A. Methods mycological and phytopathological research. L., 1937. 189 p.
- [18] Litvinov M. The determinant of microscopic soil fungi. Botanical Institute by V. A. Komarova. Ed. "Science" Leningrad branch. Leningrad, 1967. P. 311.

БИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВИДОВ ГРИБОВ, ПОРАЖАЮЩИЕ *DAUCUS CAROTA* L.

Н. Н. Салыбекова¹, Ж. Ж. Кужантаева¹, Е. Басым², А. А. Асанбеков³,
Ж. Т. Абдрасулова¹, К. Д. Маселбаева¹

¹Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан,

²Университет Акдениз, Анталия, Туркия,

³Казахский научно-исследовательский институт картофелеводства и овощеводства, Алматы, Казахстан.

Ключевые слова: *Daucus carota* L., *Altrernaria radicina*, *Macrosporium carotae*, *Penicillium cyclopium*, *Sclerotinia sclerotiorum*, *Fusarium avenaceum*, конидия, мицелий, чистая культура.

Аннотация. Актуальным является исследование особенностей видов грибов поражающие овощи и уточнения меры борьбы с ними. *Daucus carota* L. имеет особое значение в овощной хозяйстве и в пищевой промышленности. Были исследованы грибы-возбудители болезни *Daucus carota* L., которые были взяты из овощохранилищ из местности Кайнар района Карасай Алматинской области. В целях изучения особенностей возбудители болезни, были получены чистые культуры и были описаны биология этих грибов. Представлены материалы научно-исследовательских работ по культурально-морфологическим особенностям видов грибов поражающие семена *Daucus carota* L.

В результате эксперимента были определены морфологические критерии (размер конидий, количество перегородки, особенности конидияношения).

Основываясь морфологическим характеристикам грибов были определены виды по определителям Н. А. Наумова и В. И. Семенова

Поступила 20.05.2015 г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL

ISSN 2224-5308

Volume 3, Number 309 (2015), 77 – 81

IDENTIFYING TYPICAL “ERRORS” APPRAISAL WHEN DETERMINING THE COLOR KARAKUL LAMBS ON THE BASIS OF PHENETIC CLASSIFICATION

K. M. Lakhanova¹, N. Zh. Eleugalieva²,
A. K. Ubaidullayeva¹, A. M. Duisebekova¹, D. I. Ibragimova¹

¹Akhmet Yassawi University, Republic of Kazakhstan, Turkestan,

²Zhangir khan Western Kazakhstan Agrarian-Technical University, Uralsk, Kazakhstan.

E-mail: kulzada.lakhanova@iktu.kz

Key words: Karakul lambs, colour, melanin, hair follicle, phenetic classification, appraisal.

Abstract. The aim of this work is to identify typical errors of traditional appraisal, complementing the organoleptic method by objective method-biological classification used in certain circumstances in assessing the quality of the goods, suit Karakul lambs. Work technique: the distribution of melanin wool fibers 2-3 day Karakul lambs was investigated by light microscopy, and the composition of the melanin - EPR spectrometry. The difference between the data samples obtained by objective methods indicates a lack of complete similarities in them. Objective methods make it possible to detect small differences, and to introduce a system of classifications. Application of research results in breeding for improvement of definitions suit wool fibers Karakul lambs are of great practical significance.

ӨОЖ 591:8.636.38

ФЕНЕТИКАЛЫҚ ЖІКТЕУ НЕГІЗІНДЕ ҚАРАКӨЛ ҚОЗЫЛАРЫ ТҮР-ТҮСТЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ БОНИТИРОВКА «КЕМШІЛІКТЕРІН» АЙҚЫНДАУ

К. М. Лаханова¹, Н. Ж. Елеугалиева²,
А. К. Убайдуллаева¹, А. М. Дүйсебекова¹, Д. И. Ибрагимова¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан, Қазақстан,

²Жәңгір хан атындағы Батыс- Қазақстан аграрлы-техникалық университеті, Орал, Қазақстан.

Тірек сөздер: қаракөл қозысы, түр-түсі, меланин, жүн талшығы, фенетикалық жіктеу, бонитировка кемшіліктері.

Аннотация. Жұмыстың мақсаты – қаракөл қозыларының түр-түсін жіктеудің белгілі бір жағдайда тауар сапасын анықтауда қолданылатын органолептикалық әдісін, объективті тәсіл – биологиялық жіктеумен толықтырып, дәстүрлі бонитировканың кемшіліктерін айқындау. Жұмыстың әдістемесі: 2-3 күндік қозылардың жүн талшықтарында меланиндердің таралуы жарық микроскопиялық, ал меланин құрамы ЭПР-спектрометриялық әдіспен зерттелді. Объективті әдістермен алынған үлгілердің мәліметтері арасында алшақтықтың кездесуі, оларда ұқсастық толықтай түбірімен болмайтынын көрсетті. Объективті әдістер елеусіз айырмашылықтарды айқындап, жіктеу жүйесін бірқалыпты жүргізуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін селекция жұмыстарында қаракөл қозылары жүн талшықтары түр-түсін анықтау жолдарын жетілдіруде қосымша қолданудың практикалық маңызы зор.

Қаракөл қойлары алуан түрлі түстерімен, реңімен ерекшеленеді және түсінің биологиялық, селекциялық және тауарлық мәні бар, оның басқа тұқымдардан өзгешілігі де осында [1].

Сүтқоректілердің жүн қабатының пигментациясы көптеген зерттеушілердің назарын аударуда. Олар қоянның [2], түлкі мен су тышқанының [3], қойдың [4-6] меланиннің сапалық және сандық құрамында тұқым қуалаушылық белгілерінің әртүрлі болатынын айтқан.

Қаракөл қозылары түстерінің жіктеуі, ең алдымен, тауартануға бағытталған, бірақ та, бұның дәрежесінде фенетикалық база бар, қаракөл қойларының түстерінің өзгергіштігі осы фенетикалық түсіну жұмыстарында толық берілмеген. Тауартану терминологиясы бұл күрделі мәселені шеше алмайды. Фенетикалық жағынан қаракөл қозыларының түстер ерекшеліктерін (яғни әр түске ерекше қарау керек, өйткені ол дискерттік тұқым қуалаушылықтың комбинациясы) анықтай отыра, түстер жөнінде генетикалық-селекциялық жұмыстар, ғылыми база болып табылады, қаракөл қойларының бай түстерін пайдалана отырып, біз түстер генетикасының маңызыдылығын шеше аламыз. Егер де, қаракөл шаруашылығын экономика жағынан қарайтын болсақ, онда тауарлық жіктеудің болғаны жөн, ал егер де генетикалық-селекциялық жұмыстарды жетілдіретін болсақ, ол кезде оны фенетикалық жіктеумен толықтырғанымыз жөн [7, 8].

Жануарлардың түсі меланиндердің сапалық құрамына қарай да, оның санына қарай да анықталатыны белгілі. Түс сапасын анықтайтын белгі, тіпті селекционерлерге арналған нұсқалардың өзінде түс қаншалықты тез жайылатынына, яғни оның сандық көлеміне назар аудару керектігі айтылады. Селекциялық жұмыстың дәрежесін көтеру үшін пигменттенудің жеделдігін бағалаудың объективті сандық әдістерін қолдану дұрыс көрінеді [8].

Мақаланың міндеті зерттеуге алынған үлгілердің белгілі бір түске қатысты екенін сипаттау үшін микроскопиялық және ЭПР-спектрометриялық әдістерді қолдана отырып, өзгергіштіктердің сандық сипатына, сондай-ақ, әртүрлі түске жатқызылған үлгілердің параметрлерінің қаншалықты үйлесімді екенін талдауға назар аудардық.

Зерзаттары және әдістері

Оңтүстік Қазақстан облысының қаракөл қой шаруашылықтарында, түрлі-түсті 2-3 күндік қозыларының жүн талшықтарында меланин пигментінің таралуын микроскопиялық және жүндегі меланин құрамы ЭПР-спектрометриялық әдіспен зерттелді [8, 9].

ЭПР-спектрометриялық әдіс жоғары өнімді, яғни жалпы көп мөлшерлі зерттеулерді жүйелі түрде өткізуге мүмкіндік беріп, радиотехникалық сипатқа ие. Сондықтан, жүннің нұсқалары бұзылмай, келесі микроскопиялық және т.б. қосымша зерттеулерде қолданыла береді. Зерттеуге қолданған әдістер алдыңғы мақалада қарастырылған («Объективті мәліметтерге негізделген қаракөл қой түр-түсінің фенетикалық жіктелуі») [9], бұл мақалада сол зерттеу барысында алынған түстер арасындағы алшақтық үлгілердің мәліметтері қарастырылады.

Нәтижелері және оларды талдау

Біртүсті, бірақ әртүрлі жолмен іріктелген жұптардан туған қозыларды бонитировкалауда жіберілген фенетиптік қателердің бетін ашу үшін түстерді жіктеудің сандық жүйесі, сондай-ақ, бояу түсі әртүрлі қозыларға тән тиісті топтардың параметрлерінің өзгергіштігінің орташа маңызы мен диапазоны қаншалықты үйлесімді екенін талдауда фенетикалық жіктеу мәліметтеріне негізделдік [9]. Алынған мәліметтер кестеде берілген.

Бонитировкада кездесетін алшақтық және елтірінің түр-түсі жөніндегі объективті мәліметтер

Конв./үлгіл. №	Сараптау (бонитировка)	Объективті мәліметтер формуламен	Сараптаудағы алшақтық жөніндегі мәліметтер	Сараптауда жіберілген қателіктің себептері және түр-түске біз берген анықтама
1	2	3	4	5
150/9150	Қола реңді (сұрх. х бұх.)	LG	C-2-1	«Будан сұр» қолданылып жүрген жіктеуде жоқ
170/9458	Сарғылтым (сұрх. х бұх.)	LGP	P-4; I ₀ -2	«Будан сұр» қолданылып жүрген жіктеуде жоқ
161/9699	Алтын реңді (сұрх. х бұх.)	(L) P	P-13; I ₀ -12; C-0	Ұшы қысқа, қысқа өтпелі аймақ алтын түсті сұрға ұқсайды. «Қамбар сұр».
121/9808	Алмас реңді (сұрх. х бұх.)	RL	R-2; G-0	Жүн талшығының ұшы ақ болғандықтан алақулалық нашар көрінеді. Бұл «Алақулалы сұрхандария сұры».
162/9239	Түтін түстес (сұрх. х бұх.)	GP	I ₀ -19	Жалпы қолданылып жүрген жіктеуде жоқ. «Түтін түстес қамбар».
9/9824	Қола реңді (сұрх. х бұх.)	LP	P-13; I ₀ -16	Жүн талшығының негізінде пигмент жоғары мөлшерде, ақ ұш анық көрінеді. «Сұр-қамбар».
109/9930	Өрікгүл (ққс х ққс)	L (P)	I ₀ -18; P-7	Пигмент жүн талшығының негізінде өте жоғары, ақ ұш айқын көрінеді. «Сұр-қамбар».
99/6956	Болат (ққс х ққс)	RL	R-2	Болат түсті жүн талшығында ала-құлалық нашар байқалады. «Ала-құлалы қарақалпақ сұры».
202/4332	Қызғылт (қор. х бұх.)	RLGP	G-2; L-2	Белгілі атауы жоқ. «Сарғылтым гүлі сұр».

1-кестенің 3-бөлігінде: R – алақулалық, L – жүннің ақ ұшы, G-меланоциттер тармақтары түзелуінің тежелуі себебінен жүн талшығында ірі-ірі «үйінді» түрінде кездеседі, P – меланин синтезінде феомеланин компонентінің көбейгенін көрсетеді.

4-бөлігіндегі сандық көрсеткіштер былайша келтірілген: I₀ – ЭПР сигналдың қарқындылығы қара түске I₀ орташа пайызын шаққандағы есебімен, P – а/в пайыз ЭПР-сигнал шыңдарындағы қосымша «а» мен негізгі «в»-ның биіктерінің қатынасы, R – ала-құла, яғни бүтіндей ақ жүн талшықтарының қосындысы, G – жүн талшығының бойындағы меланин дисперсиясының дәрежесі, L – қылшық жүннің ақшыл ұшының ұзындығы, Z – жүн талшығының өтпелі аймағының ұзындығы.

Кестеде көрсетілгендей сұр түстерді (сұрхандариялық х бұхарлық) будандастырылғаннан алған қозылардың ішінде, бонитировка кезінде № 150, № 149 және № 144 үлгілер, қола түстес сұрхандариялық сұрға жатқызылған қозылар үлгілерінде объективті әдіспен зерттегенде шыққан тегінің екі жағынан да берілген жеке бір белгілердің бар екені анықталды. Бір жағынан, феомеланин сұрхандария сұрына тән болса, екінші жағынан меланин дисперсиясының төмендігі бұхар сұрына тән. Бұл әрекет біртектес сұрлардан алынған көп үлгілердің фенотипінің ешқайсысына сай келмейтінін көрсетеді. Осыған байланысты осындай әрекеттен пайда болған сұрлардың белгілерінің фенотипін көрсету үшін бұларға арнаулы ат қою керек сияқты. Біз оны «будан сұр» деп атауды ұсынамыз. Фендердің бірлесуін мынандай формуламен жазуға болады: LG.

Сарғылтым түсті № 170 үлгі қозылардың, меланин типі (P-феомеланин) сұрхандария сұрына, ал дисперсия сипаты (тармақталмаған меланоциті G фені көрінеді) бұхар сұрына сай келеді. Қарқындылығы (I₀) сарғылтым түске сай келмейді, бірақ күлгін реңді бұхар немесе сұрхандария сұрына ұқсас.

Шын мәнінде бұл түстің жаңа түрі, мүмкін өзгеше сұрхандария және бұхар сұрларының арасынан туған араласпа.

Басқаша айтқанда, бұл сұрхандария сұры. Оның жағдайында тармақталмаған меланоциті G фені көрінеді немесе бұл күлгін реңді сұр (бұхар), ондағы меланин типі сұрхандария сұр меланин типіне өзгерген, яғни бұл сұрхандария және бұхар сұрлары арасындағы ауыспалы «будан сұр». Формуласы LGP.

Ашық қамбардың бір түріне жатқызылған сарғылтым түсті елтірінің үлгіге алған жүн талшықтары меланин дисперсиясы жағынан нағыз қамбардан айқын өзгеше болып шықты. Олардағы дисперсия бұхар сұрындағыдай, яғни меланосомы сирек ұсақтардан және үлкен үйінділер кездесті. Рас, бұхар сұры мен сарғылтым түстілердің төмен дисперсиясын нақтылап қарағанда бір-біріне ұқсамайтын болып шықты. Бұхар сұрында пигмент үйінділері қыртыс қабатқа жайылып түседі де, сарғылтым түсті үйінділер өзегінің ортасында және қыртыс қабатында да кездеседі. Бұл сарғылтым түсті елтіріде бұхар сұрына қарағанда жалпы меланиннің аздығынан болуы ықтимал. Бұхар сұрындағы орта және жіңішке жүн талшықтарының өзегі жетілмеген болуы мүмкін, ал кейбір сарғылтым елтірілерде қыртыс қабаты жетілмеген болуы мүмкін. Сондықтан, қыртыс қабатында ірі меланоциті көп болмайды. Кейде олар жақсы жетілген өзекте де аз болады.

Бонитировка кезінде әртектес бұхар сұрының жұбынан алынған № 121-9808 үлгі бұхар сұрына жататын, «алмас» реңге жатқызылған. Оның белгілері: қарқындылығының төмендігі ($I_0 = 29 \%$), феомеланин жоқтығы және ала-құлалағын білдірмейтін қысқа ақ ұштары. Түтін түстелігі бұхар сұрындағы сияқты ақ ұштары мүмкін жасайды. Меланин дисперсиясы жоғары, яғни ($G = 0$). Сонымен, феокомпоненттің жоқтығынан басқа бұл үлгі бұхар сұрына ұқсамайды. Атауы RL «Ала-құлалы сұрхандариялық сұр».

Қоңыр түсті және бұхар сұрын жұптастырғанда да белгілердің өздігінше араласуы байқалады. № 202 және № 203 бонитировкалардағы елтірі гулигазға жатқызылады, жеделдігі және феомеланиннің жөнінен және ақ қылдарына қарай бұл үлгі гулигазға ұқсайды, яғни жеделдігі $I_0-6 \%$ төмен болған жағдайда феомеланин мол болады – 16,2-16,7 %. Соның өзінде ақшыл елтірідегілей дисперсия ($G-2-1$) төмен болады. Ұзын ақ ұшы гулигазға тән емес ($L-2$), ($Z-2-1$). Формуласы RLGP–сарғылтым гулисур.

Алынған мәліметтер фендердің үйлесуі (комбинациясы) тәуелді болмайтынын көрсетеді, ол будан ұрпағынан шыққан сұрдың түрлі топтарына тән.

Қаракөл қой мал шаруашылығында генетика-селекциялық жұмыста қозылардың түсін тек қолданып жүрген «товарлық» органолептикалық-бонитировкалық жіктелуге қосымша фенетикалық құрал-саймандар арқылы жіктелуде ескеру керек екені келтіріледі.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Омбаев Ә.М. Қаракөл қойы. – Алматы: Бастау, 2008. – 252 б.
- [2] Минина И.С. Генетика окраски кроликов // Кролиководство, звероводство. – М., 1989. – № 5. – С. 8-10.
- [3] Прасолова Л.А. Феногенетический анализ окраски «подпалов» у серебристо-черных лисиц, возникающих в процессе domestikatsii // Тез. докл. 3 шк. семинара генетики и селекции животных. – М.: Изд. СО АН СССР, 1989. – № 2. – С. 36-37.
- [4] Гигинейшвили Н.С., Укбаев Х.И. Внутривидовое скрещивание двух типов суров // Овцеводство. – М.: Колос, 1983. – № 4. – С. 31-32.
- [5] Алиев Г.А., Рачковский М.Л. Пигментация шерсти таджикских овец // Зоотехния. – М.: ВО Агрпромиздат, 1989. – № 9. – С. 167-188.
- [6] Adalsteinsson S. Inheritance of colours, fur characteristics and skin quality traits in North European sheep breeds. XXXIII Annual Meeting EAAP. – Leningrad, 1982. – P. 3-17.
- [7] Всеволодов Э.Б. Пигментация волос каракульских ягнят. – Алматы, 1995. – 109 с.
- [8] Лаханова К.М. Қаракөл қойы түр-түсінің реңделуі. 2008. – 138 б.
- [9] Лаханова К.М., Алпамысова А. Объективті мәліметтерге негізделген қаракөл қой түр-түсінің фенетикалық жіктелуі // ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарлары. Биология және медицина сериясы. – Алматы, 2013. – № 3 (297). – 60-65 б.

REFERENCES

- [1] Ombayev A.M. Karakul sheeps. Almaty: Bastau, 2008. 252 p. (in Kaz.).
- [2] Minina I.S. Genetika okraski krolikov (Genetics of coloring of rabbits). Krolikovodstvo, zverovodstvo. Moscow, 1989. №5. P. 8-10. (in Russ.).
- [3] Praslova L.A. Fenogeneticheskii analiz okraski "podpalov" u serebristo-chyornykh lisits, vznikayushikh v protsesse domestikatsii (Phenogenetics analysis of the color "tan" silver foxes arising in the process of domestication). Tez.dokl. seminar genetiki i seleksii zhivotnykh. Moscow: Izd. SO AN SSSR, 1989. N 2. P. 36-37. (in Russ.).
- [4] Gigineishvili N.S., Ukbayev Kh.I. Vnutripodnoye skreshivaniye dvukh tipov surov (Intra pedigree crossing of two types of Surs). Ovtsevodstvo. Moscow: Kolos, 1983. N 4. P. 31-32. (in Russ.).
- [5] Aliyev G.A., Rachkovskii M.L. Pigmentatsiya shersti tadjhikskikh ovets (Pigmentation of hair of the Tajik sheep). Zootekhniya. Moscow: VO Agropromizdat, 1989. N 9. P. 167-188. (in Russ.).

[6] Adalsteinsson S. Inheritance of colours, fur characteristics and skin quality traits in North European sheep breeds. XXXIII Annual Meeting EAAP. Leningrad, 1982. P. 3-17.

[7] Vsevolodov E.B. Pigmentatsiya volos karakul'skikh yagnyat (Pigmentation of hair of the Karakul lambs). Almaty, 1995. 109 p. (in Russ.).

[8] Lakhanova K.M. Okraska karakul'skikh ovets (Coloring of the Karakul sheep). Almaty, 2008. 138 p. (in Kaz.).

[9] Lakhanova K.M., Alpamysova A. Feneticheskaya klassifikatsiya karakul'skikh yagnyat raznykh okrasok na osnove ob'yektivnykh issledovaniy (Phenetic classification of Karakul lambs of different colors on the basis of objective research). Izvestiya NAN RK / seriya biologii i meditsiny. Almaty, 2013. N 3 (297). P. 60-65. (in Kaz.).

ВЫЯВЛЕНИЕ ТИПИЧНЫХ ОШИБОК БОНИТИРОВКИ ПРИ ОПРЕДЕЛЕНИИ ОКРАСКИ КАРАКУЛЬСКИХ ЯГНЯТ НА ОСНОВЕ ФЕНЕТИЧЕСКОЙ КЛАССИФИКАЦИИ

К. М. Лаханова¹, Н. Ж. Елеугалиева², А. К. Убайдуллаева¹, А. М. Дуйсебекова¹, Д. И. Ибрагимова¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясави, Туркестан, Казахстан,

²Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир-хана, Уральск, Казахстан

Ключевые слова: каракульские ягнята, масть, меланин, волосяной фолликул, фенетическая классификация, бонитировка.

Аннотация. Целью работы является выявление типичных ошибок традиционной бонитировки, дополняя органолептический метод, объективным методом-биологической классификации, применяемый в определенных условиях в оценке качества товара, масти каракульских ягнят. Методика работы: распределение меланина шерстяных волокон 2-3 дневных каракульских ягнят исследованы световым микроскопированием, а состав меланина - ЭПР-спектрометрическим методом. Расхождение между данными образцов, полученных объективными методами, указывает на отсутствие полных сходств в них. Объективные методы дают возможность выявить незначительные различия, и ввести систему классификаций. Применение результатов исследования в селекции для усовершенствования определений масти шерстяных волокон каракульских ягнят имеют большую практическую значимость.

Поступила 20.05.2015 г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL

ISSN 2224-5308

Volume 3, Number 309 (2015), 81 – 86

CHEMICAL COMPOSITION AND NUTRITIOUS VALUE OF THE TRADITIONAL NATIONAL DISH – CURT MADE OF SOUR MILK

Z. A. Talkhanbayeva, A. M. Seytmetova

H. A. Yasawi International Kazakh-Turkish university, Turkistan, Kazakhstan.

E-mail: talkanbaeva_56@mail.ru, aiman.seitmetova@mail.ru

Keywords: protein, fats, carbohydrates, a calorie, value.

Abstract. This article deals with the vitamin fund, the main amino-acid and fatty acid indicators of a traditional national dish – Curt, made of sour milk, having almost significant results. Curt possesses a special chemical composition. For example, it is observed the high protein content, amount of ascorbic acid is at the level of 0,5 mg, availability of amino acid and nonsaturated linoleic fatty acids; the high content of mix of methionine + cysteine is 92-94%, other essential amino acids is within 110-173%. It is of great importance at a lack of protein of an organism, filling up it with valuable nutrients for normal formation of biological and physiological functions. By results of

researches it is possible to say that this dish is almost significant for improvement of a nutrition value and caloric content of structure of a diet. The obtained tabular data can be used in public and family places of food. The easy, optimum and rational method of its preparation is offered. We think that this national Kazakh dish will take the thorough place in our diet.

ӘОЖ 636.2

АЙРАННАН ДАЙЫНДАЛАТЫН ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ – ҚҰРТТЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚОРЕКТІК МАҢЫЗЫ

З. А. Талханбаева, А. М. Сейтметова

Қ. А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Тірек сөздер: ақуыз, майлар, көмірсулар, аминқышқылдары, май қышқылдары, қуаттылық, аминқышқылдық скор, құндылық.

Аннотация. Мақалада айраннан дайындалатын дәстүрлі ұлттық құрт тағамының қуаттылығы, дәрумендік қоры, аминқышқылдық және майқышқылдық құрамдастығының көрсеткіштері көрсетілген, нәтижелері қолданбалы маңызды. Құрттың химиялық құрамы жағынан ерекшеліктері мол. Айталық, ақуыз мөлшері жоғары, аскорбин қышқылы 0,5 мг деңгейде, аминқышқылдары және қанықпаған линол майқышқылы арқылы биологиялық құндылық танытады. Метионин+цистиннен (92-94 %) басқа эссенциалды аминқышқылдары жоғары скорымен мінезделеді (110-173 %). Ақуыз жетіспеушіліктен сақтануға үлкен септігін тигізеді. Ағзаның биологиялық және физиологиялық қызметін қалыптастыруда бағалы қоректік заттармен қамтамасыз етуде алдыңғы қатардағылар санатында екендігі анықталды. Практикалық жағынан алғанда зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, дастархан мәзірінің нәрлілік деңгейін жоғарылатуға толық мүмкіндік болады. Қоғамдық және жанұялық тамақтану орындарында зерттеу нәтижелері бойынша дайындалған кестелік мәліметтер пайдаланылады. Өте ұтымды және тиімділігі оңай әдіс. Сондықтан бұл дәстүрлі қазақтың асы әрі қарай да дастарханнан өзіне лайықты орнын алады деуге толық негіз бар.

Сүт негізінде айраннан дайындалатын дәстүрлі ұлттық тағамның тағы да біреуі – құрт. Құрт – стратегиялық тағам. Сардар И. Сарбасұлы [1] өзінің ғылыми мақаласында қазақ халқының ұлттық тағамдарынан дайындалатын «Сарбаз» атты әскерлік астың (паек) қажеттілігіне сенім артады. Мұндай астың қоспалы түрінің дүниеге келуі сарбаздардың денсаулығын жақсартуға және ұлттық патриотизм сезімін көтеруге ықпал ететіндігін айтады.

«Сарбаз» құрғақ асының құрамына кіретін тағамдар – құрт, ірімшік, қауынкұрт, қауынқақ, дәнді дақылдардың өнімдері (мысалы тары талқаны, арпа-бидай-жүгері жармалы ұнтағы), кептіріліп сүрленген ет, тұздалып дәмделген қарынмай, құрғақ жеміс өнімдері, пісте дәні.

Осылардың арасынан құрт ерекше қасиетке ие, ол ұзақ мерзімді кепкен түрінде сақталынады.

Нарық кезеңіне дейін бұл тағамды сирек пайдаланатын. Қазіргі уақытта оны жас-кәрі демеі барша халық тұтынады. Ол базарда, қолда, кез-келген дүңгіршектерде, азық-түлік дүкендерінде сатылады. Мұндай жағдайды байқаған басқа елден келушілер де оған қызығушылық танытуда. Пайдаланылу әдісі ауызда конфет сорып жүргендей үрдіспен іске асырылады.

Зерттеу материалдары. Біз зерттеу жұмысымызда зерттеу материалдары ретінде құрт тағамын алдық. Құрттың дайындалуы өте қарапайым, ол ашыған айраннан дайындалады. Айран қазанда қайнап, суынан арылып, қоюланады. Аздап суыған соң ол дорбаға құйылады, сонда оның артық суы ағып бітеді. Қою қалдықты татымына қарай тұзбен араластырып болған соң түрлі әдіспен құрт дайындалады: екі алақан арасымен дөңгелек жаңғақ тәрізді етіп шығаруға болады, бір алақанға салып қысып сопақшалауға болады, соңғы жағдайда құрт сыртында саусақтардың ізі қалады. Қандай түрде болмасын өнім құрт деген бір ғана атпен аталады. Шыптаға жайып кептірілген құрт ұзақ уақыт (2-3 жылға дейін) сақталады [2, 3].

Зерттеу әдістері. Қазақ Тағамтану академиясының базалық зертханасында нысанға алынған құрттың құрамындағы ақуыз, май, көмірсу мөлшері және қуаттылығы анықталды.

Құрттың ақуызы микро-Кьелдаль әдісімен анықталды [4-6]. Бұл ретте есептеу коэффициенті сүт тағамдары үшін 6,38 саны алынды. Майлардың жалпы мөлшері Д. И. Кузнецов пен Н. П. Гришина әдісі арқылы анықталды [7]. Көмірсулардың жалпы мөлшері құрғақ қалдық пен

ақуыздың, майдың және минерал заттардың арасындағы айырмашылық арқылы есептелді. Тағамның энергетикалық құндылығы ақуыз бен көмірсулардың бір грамм мөлшерінен бөлінетін жылу коэффициентімен есептелінді, ол 4,1 килокалорияға тең, ал майдың коэффициенті 9,3 ккал.

Зерттеуден алынған деректер кәдуілгі статистикалық тәсілмен өңделініп, компьютерлік бағдарламаның көмегімен іске асырылды [8].

Дәрумендердің мөлшері: В₁ (тиамин), В₂ (рибофлавин)-флюорометриялық, РР (ниацин)-химиялық, С, А, Е – колориметриялық тәсілдермен анықталды [9].

Зерттеу нәтижелері. Құрт тағамының қоректік және биологиялық құндылығы зерттелді. Қазақ Тағамтану академиясының базалық зертханасында нысанға алынған жоғарыда дайындалып көрсетілген құрт тағамының ақуызы, майы, көмірсуы, қуаттылығы анықталды (1-кесте).

1-кесте – Құрттың химиялық құрамы

№	Химиялық құрам аттары	Мөлшері, (100 г тағамда)
1	Ақуыз, г	47,4±0,2
2	Май, г	16,9±0,1
3	Көмірсу, г	14,7±0,1
4	Қуаттылық, ккал	401±1,7

Құрттың тағамдық құрамдастығы жағынан 1-ші кестеде көрініп тұрғандай ерекшелігі жоғары. Ондағы ақуыз мөлшері – 47,4 г. Майлылығы бойынша – 16,9 г, ал көмірсу мөлшері – 14,7 г екендігі анықталды. Тағамдық қуаттылығын анықтаушы ақуыз, май және көмірсу, барлық ұлттық тағамдардың құндылықтарымен салыстырғанда, жоғары болып құрт тағамында анықталды. Бұл көріністің айрықша аталып өтуі орынды, себебі ақуыз жетіспеушіліктен сақтануға үлкен септігін тигізеді. Өте ұтымды және тиімділігі оңай әдіс.

2-кесте – Құрт тағамының дәрумендік көрсеткіштері

№	Дәрумендер атауы	Мөлшері, (мг/100 г өнімде)
1	А	0,15±0,002
2	β- каротин	–
3	Е	0,57±0,003
4	В ₁	0,075±0,0003
5	В ₂	0,35±0,003
6	РР	0,37±0,002
7	С	0,6±0,003

Құрттың дәрумендік құндылығы 2-ші кестеде көрсетілгендей, әжептеуір орын алып тұр. Құрттың аминқышқылдық құрам көрсеткіштері (3-кесте), құрттың күнделікті тұтынылуын ескерсек, оның ұтымды екендігі қуантады.

3-кесте – Құрттың алмаспайтын аминқышқылдарының көрсеткіштері

№	Алмаспайтын аминқышқылдары	Мөлшері, (мг/100 г өнімде)
1	Валин	1287±1,3
2	Изoleyцин	1300±1,2
3	Лейцин	2405±1,4
4	Лизин	1885±1,1
5	Метионин	624±1,001
6	Треонин	1040±0,7
7	Триптофан	234±0,5
8	Фенилаланин	1209±0,65

Моно және көп қанықпаған майқышқылдары құртта анықталды, ал линол, керісінше, құрттан молырақ көрінеді (0,95). Биологиялық тұрғыдан анықталған зерттеулер бойынша организм үшін аса құнды болып олеин, линол және линолен қышқылдары аталады. Бұлар көп қанықпаған майқышқылдары тобына жатады. Көрсетілген май қышқылдарының арасынан айрықша құндысы – линол қанықпаған майы. Себебі одан ағзада биологиялық маңызы зор арахидон май қышқылы түзіледі (4-кесте).

4-кесте – Құрттың қанықпаған май қышқылдарының көрсеткіштері

№	Қанықпаған май қышқылдары	Мөлшері, (мг/100 г өнімде)
1	Пальмитолеин	57±0,1
2	Олеин	577±0,6
3	Линол	95±0,15
4	Линолен	2±0,08

Құрт туралы ғылыми деректерді қорытып айтқанда, оның өте құнды қоректік заттармен толыққанды екендігі анықталды. Құрт күнделікті тұтынылатын тағам қатарына жататындықтан, ағза жасушалары үшін бұл өте маңызды болып саналады. Сарбаздар үшін де, И. Сарбасұлы атап көрсеткендей, бірден-бір қажетті тағам – құрт.

Құрттың қолданысы туралы тарихи дерек те бар екен. Айталық, Ұлы Отан соғысы кезінде қоршауда болған халыққа және сарбаздарға ұшақтан құрт шашылған екен. Мұндай деректі теледидар арқылы «Таңшолпан» хабарынан «Аналар ерлігі» айдарынан алынды (қазан, 2009 жыл).

Зерттеу нәтижесіндегі алынған мәліметтерді қорытындылай келе баяндасақ, дайындалған қазақ ұлттық тағамы құрттың химиялық құрамы, қоректік және биологиялық құндылығы алғаш рет зерттелініп, тиісті кестелер жасақталды. Аталған ұлттық сүт тағамдарынан жасалатын құрттың протеиндік, майлылық, дәрумендік, амин және майқышқылдық құрамының құндылығымен ерекшелінеді. Құрттың химиялық құрамы да сапалы боп есептелінеді. Биологиялық құнды тағамдық өнімдер сырт көрінісі, дәмі және хош иістілігімен ғана емес, сонымен қатар, ағзаға қажетті алмаспайтын факторлардың болуымен де ерекшеленуі тиіс. Сондай талаптарды қанағаттандыра алатын сүт өнімінің бірі – құрт болып табылады.

Біздің зерттеуімізде сондай-ақ, ұлттық тағамдардан ашытылған сүт өнімінен дайындалған құрт тағамының аминқышқылдық скоры анықталды (5-кесте).

5-кесте – Құрт тағамының аминқышқылдық скоры

№	Аминқышқылдар	Мөлшері, %
1	Валин	110
2	Изолейцин	139
3	Лейцин	147
4	Лизин	147
5	Метионин+цистеин	92
6	Треонин	111
7	Триптофан	100
8	Фенилаланин+ Тирозин	173
9	Шектеуші амин-қышқылдары	мет+цис

Алынған нәтижелерді талдап көрсек, құрттың әжептәуір биологиялық құндылыққа ие екендігі байқалды.

ФАО/ДДҰ-ның стандарттық шкаласынан алмаспайтын аминқышқылдарының мөлшері, оларда тиісінше, құртта метионин+цистеиннен (92-94 %) басқа эссенциалды аминқышқылдары жоғары скорымен мінезделеді (110-173 %). Сондықтан бұл дәстүрлі қазақтың астары әрі қарай да дастарханнан өзіне лайықты орнын алады деуге толық негіз бар [10-12].

Құрт тағамының қуаттылығы, дәрумендік қоры, аминқышқылдық және майқышқылдық құрамдастығы туралы мәліметтердің шет ел ғалымдарының дайындаған кестелерінде жоқ екендігі айқындалды. Теориялық тұрғыда орындалған жұмыс нәтижелері қолданбалы маңыздылыққа ие. Қоғамдық және жанұялық тамақтану орындарында дайындалған кестелік мәліметтер пайдаланылады.

Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижелерінен құрттың химиялық құрамын анықтай отырып, ағзаның биологиялық және физиологиялық қызметін қалыптастыруда бағалы қоректік заттармен қамтамасыз етіліп, дастархан мәзірінің нәрлілік деңгейін жоғарылатуға толық мүмкіндігі бар екендігі анықталды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Сарбасұлы И. О важных элементах национального питания // «Национальная политика здорового питания Республики Казахстан»: матер. Междунар. науч.-практ. конф. – Алматы, 2004. – Казан 19. – С. 193-194.
- [2] Садықов Б., Сариев И., Отарбаев А. Ақ дастархан. – Алматы, 1991. – 236 б.
- [3] Сариев И. Дастархан. – Алматы, 1974. – 122 б.
- [4] Cosma V., Armeanu V. Determinarea afotucul in prodisele alimentare prin method Kjeldahl ind. Alim. – 1970. – Vol. 66, № 5. – P. 257-259.
- [5] Руководство по методам анализа качества и безопасности пищевых продуктов / Под ред. И. М. Скурихина, В. А. Тутельяна. – М.: Брандес, 1998. – 340 с.
- [6] Черников М.П. О химических методах определения качества пищевых белков. – М.: Институт питания АМН СССР, 1988. – С. 42-44.
- [7] Кузнецов Д.И., Гришина Н.П. Унифицированная система методов выделения и количественного определения липидов пищевых продуктов. – М., 1977. – 161 с.
- [8] Урбах В.Ю. Статистический анализ в биологических и медицинских исследованиях. – М.: Медицина, 1975. – 255 с.
- [9] Григорьева М.П., Степанова Е.Н., Фомина Л.В. Определение витамина Е в молоке и молочных продуктах. – Тр. ВНИИМП, 1980. – С. 78-87.
- [10] Крюкова Г.В. Правильное питание – основа крепкого здоровья. Экономика, права, культура в эпоху общественных преобразований: материалы междунар. науч.-практ. конф. – Алматы, 2007. – С. 236-238.
- [11] Урбисинов Ж.К., Пищевая и биологическая ценность традиционно местных молочных и мясных продуктов: Дис. ... канд. биол. наук. – Алма-Ата, 1992. – С. 84-89.
- [12] Schaafsma G. The protein digestibility-corrected amino acid score // J Nutr. – 2000. – Vol. 130. – P. 65-67.

REFERENCES

- [1] Sarbasuly I. About important elements of national food. Book: "National policy of healthy food of the Republic of Kazakhstan": mater. of international sci.-prac. conference, Almaty, 2004, 19 October. P. 193-194 (in Russ.).
- [2] Sadykov B., Sariyev I., Otarbayev A. Ak dastarkhan. Almaty, 1991. P. 236. (in Kaz.).
- [3] Sariyev I. Dastarkhan. Almaty, 1974. 122 (in Kaz.).
- [4] Cosma V., Armeanu V. Determinarea afotucul in prodisele alimentare prin method Kjeldahl ind. Alim. 1970. Vol. 66, N 5. River 257-259 (in Eng.).
- [5] Guide to methods of the analysis of quality and safety of foodstuff. Under the editorship of I. M. Skurikhin, V. A. Tutelyan M.: Brandes, 1998. 340 p. (in Russ.).
- [6] Chernikov M.P. About chemical methods of determination of quality of food proteins. M.: Institute of food of the USSR Academy of Medical Sciences, 1988. P. 42-44 (in Russ.).
- [7] Smiths D.I., Grishin N.P. The unified system of methods of allocation and quantitative definition of lipids of foodstuff. M., 1977. 161 p. (in Russ.).
- [8] Urbakh V. Yu. Statistic analysis in biological and medical researches. M.: Medicine, 1975. 255 p. (in Russ.).
- [9] Grigorieva M.P., Stepanov E.N., Fomina L.V. Definition of vitamin E in milk and dairy products. Тр. VNIIMP. 1980. P. 78-87 (in Russ.).
- [10] Kryukova G.V. Healthy nutrition - a basis of a good health. Economy, rights, culture during an era of public transformations: materials of international sci.-prac. conference. Almaty, 2007. P. 236-238 (in Russ.).
- [11] Urbisinov Zh.K., Nutrition and biological value of traditionally local dairy and meat products: yew.... cand. niol. ysi. Alma-Ata, 1992. P. 84-89 (in Russ.).
- [12] Schaafsma G. The protein digestibility-corrected amino acid score. J Nutr. 2000. Vol. 130. P. 65-67. (in Eng.).

ХИМИЧЕСКИЙ СОСТАВ И ПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ТРАДИЦИОННОГО НАЦИОНАЛЬНОГО БЛЮДА – КУРТА, ИЗГОТАВЛИВАЕМОГО ИЗ КИСЛОГО МОЛОКА

З. А. Талханбаева, А. М. Сейтметова

Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясави, Туркестан, Казахстан

Ключевые слова: белок, жиры, углеводы, аминокислоты, жирные кислоты, калория, аминокислотный скор, ценность.

Аннотация. В статье рассматривается витаминный фонд, основные аминокислотные и жирокислотные показатели традиционного национального блюда – курт, изготавливаемого из кислого молока, имеющий практически значимые результаты. Курт обладает особым химическим составом. К примеру, наблюдается высокое содержание белка, количество аскорбиновой кислоты на уровне 0,5 мг, наличие аминокислоты и ненасыщенных линоловых жирных кислот; высокое содержание смеси метионина+цистеином 92-94%, других эссенциальных аминокислот в пределах 110-173%. Имеет большое значение при недостатке белка в организме, пополняя ее ценными питательными веществами для нормального формирования биологических и физиологических функции. По результатам исследований можно сказать, что данное блюдо практически значимо для улучшения пищевой ценности и калорийности состава рациона. Полученные табличные данные можно использовать в общественных и семейных местах питания. Предложен лёгкий, оптимальный и рациональный метод его приготовления. Думаем, что данное национальное казахское блюдо займет свое основательное место в нашем рационе.

Поступила 20.05.2015 г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL

ISSN 2224-5308

Volume 3, Number 309 (2015), 86 – 91

IDENTIFICATION OF GENETIC CARRIERS OF WINTER WHEAT CULTIVARS OF *Bt10* gene RESISTANT TO COMMON BUNT (*Tilletia caries*) USING MOLECULAR MARKERS

Z. B. Sapakhova¹, A. M. Kokhmetova¹, E. B. Dutbayev², M. N. Atishova¹

¹Institute of Plant Biology and Biotechnology, Almaty, Kazakhstan,

²Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: zagipa_z@mail.ru

Key words: wheat, common bunt, resistance genes, molecular markers.

Abstract. Common bunt, caused by *Tilletia caries*, is one of the most devastating seed borne disease of wheat. This disease is transmitted through infected seeds or soil contaminated with spores. Common bunt is now fought by seed treatment with fungicides. At present in Kazakhstan there are absent the reliable donors of resistance to common bunt. Common bunt resistance is based on major resistance genes that have been identified, currently having a number of 15 known resistance genes. One of the most effective resistance genes is *Bt10*. In this study carriers of resistance gene *Bt10* of winter wheat were identified. The objective of this study was to screen the set of Kazakhstani and foreign entries of winter wheat. On the base of molecular screening using molecular markers FSD/RSA 7 entries of Kazakh winter wheat Dastan, Yubeileinaya 60, Ramin, Nureke, Mereke 70, Mayra and Karasay were selected. Identified sources of resistance to common bunt recommended as a donors in wheat improvement breeding programs for disease resistance.

КҮЗДІК БИДАЙ СОРТТАРЫНАН ҚАТТЫ ҚАРА КҮЙЕГЕ (*Tilletia carries*) ТӨЗІМДІ *Bt10* ГЕНІНІҢ ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРЫН МОЛЕКУЛАЛЫҚ МАРКЕРЛЕР АРҚЫЛЫ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАУ

З. Б. Сапахова¹, А. М. Кохметова¹, Е. Б. Дутбаев², М. Н. Атишова¹

¹Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты, Алматы, Қазақстан,

²Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: бидай, қатты қара күйе, төзімділік гендер, молекулалық маркерлер.

